

«Алға, Дмитриймен жеңіске жетейік» Акциясының Ережелері 2021 жылғы 26 шілдедегі жағдай бойынша өзгертулермен және толықтырулармен (№2 редакция) мазмұндалып, 2021 жылғы 26 шілдеден бастап күшіне енді.

## «АЛҒА, ДМИТРИЙМЕН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЙІК»

### АКЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

#### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ережелермен «Алға, Дмитриймен жеңіске жетейік» Акциясын (әрі қарай – «Акция») өткізу тәртібі мен шарттары анықталады.
- 1.2. Акция жеңімпаздары осы Ережелерде айтылған критерийлерге сәйкес анықталатын болады.
- 1.3. Акция Ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 132, 5-кеңсе мекенжайы бойынша орналасқан, эл. адресі: olympicpromo@roi.kz, «ROI GROUP» (РОИ Групп) (БСН [151240005397](#)) (әрі қарай – «Ұйымдастырушы») жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылады
- 1.4. Акция Серіктестері:
  - 1.4.1. Виза Глобал Холдингс ЛЛС компаниясының Алматы Филиалының атынан Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассосиэйшн) (әрі қарай – «Visa»);
  - 1.4.2. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., А10В5Н7, Астана ш/а, 1/10-үй мекенжайы бойынша орналасқан «Magnum Cash&Carry» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 081040004326) (әрі қарай – «Magnum»);
  - 1.4.3. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050059, Әл-Фараби даңғылы, 17/1, «Нұрлы-Тау» ЖФО, 5Б-блок, 23-қабат мекенжайы бойынша орналасқан «ТИКЕТС КЗ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 150440006398) (әрі қарай – «Tickets.kz»).
- 1.5. Акция мағынасы мен анықтамасы бойынша «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңына және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
- 1.6. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды.

#### 2. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

- 2.1. Осы Ережелерде келесі терминдер мен қысқарған сөздер қолданылады:
  - Төлем жүйесі – VISA төлем карталарын пайдалана отырып, төлем операцияларын жүргізу қызметтерін ұсынатын Visa халықаралық төлем жүйесі;
  - ҚР – Қазақстан Республикасы;
  - Ереже – «Алға, Дмитриймен жеңіске жетейік» Акциясын өткізудің осы ережелері;
  - Жұлде – осы Ережелерге сәйкес Акция Жеңімпаздарына берілетін (осы Ережелердің 3-бөлімінде анықталған) жұлде қорының құрамына кіретін жұлде. Жұлде қорына аралық жұлделер, бас жұлделер және Супержұлделер кіреді;
  - Акция Қатысушысы – Акцияға қатысу үшін осы Ережелерде белгіленген және осы Ережелердің 4-бөлімінде анықталған талаптарға сәйкес келетін әрекеттерді орындаған, Visa төлем картасының ұстаушысы (Қазақстан Республикасының кез келген екінші деңгейдегі банктерімен айналымға шығарылған) жеке тұлға;
  - Жеңімпаздар – осы Ережелерге сәйкес Ұйымдастырушы анықтаған жұлдені алуға құқығы бар Акция Қатысушылары;
  - POS терминал – төлем карталарын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы).

#### 3. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

3.1. Акцияның жүлде қоры (әрі қарай – «Жүлде қоры») Жүлделер жиынтығынан тұрады және келесілерді қамтиды:

| №                       | Жүлденің атауы  | Саны, бірл. |
|-------------------------|---|-------------|
| <b>Аралық жүлделер:</b> |   |             |
| 1                       | «Magnum Club» картасына 5 000 бонус                                   | 20          |
| 2                       | «Magnum Club» картасына 3 000 бонус                                   | 30          |
| 3                       | Tickets.kz ұсынған 10 000 теңгелік промокодтар                        | 60          |
| 4                       | Tickets.kz ұсынған 100 000 теңгелік промокодтар                       | 10          |
| 5                       | Брендтелген футболкалар жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 150         |
| <b>Бас жүлделер:</b>    |   |             |
| 1                       | Фитнес орталыққа жылдық абонемент                                     | 3           |
| 2                       | Саунд бар (моноколонка, сыртқы акустикалық жүйе)                      | 3           |
| <b>Супержүлде:</b>      |   |             |
| 1                       | Toyota RAV 4 автомобилі   | 1           |

3.2. Әр Жеңімпаз осы Ережелердің 5-б. сәйкес ойнатылатын Аралық жүлделердің шексіз санын алуға құқылы, атап айтқанда Аралық жүлдені қайтадан ұтқан жағдайда Жеңімпаз осындай жүлдені алуға құқылы және Аралық жүлделерді қайтадан ұтып алу саны шектелмеген.

3.3. Аралық жүлдені алған Жеңімпаз Акцияның басқа Қатысушыларымен қатар Бас жүлделер мен Супержүлденің ұтыс ойынына қатысады.

3.4. Аралық жүлдені алған әрбір Жеңімпаз тек бір Бас жүлдені алуға құқылы. Бас жүлдені қайтадан ұтқан жағдайда Бас жүлденің көрсетілген екінші ұтысы резервтік Жеңімпазға өтеді.

3.5. Жеңімпаздар алған Жүлделер айырбасталмайды және қайтарылмайды.

3.6. Жүлделер саны шектеулі және осы Ережелердің 3.1-т. көрсетілген.

3.7. Жүлделер ақшалай баламада берілмейді.

3.8. Барлық талап етілмеген Жүлделерді, сондай-ақ Акция Жеңімпаздары алудан бас тартқан Жүлделерді Акция Ұйымдастырушысы осы Ережелердің 5-б. 5.4-т. сәйкес анықталатын резервтік Жеңімпаздарға береді.

3.9. Акция Жеңімпаздары Жүлделерді қайта талап ете алмайды, оларға ақшалай өтемақы берілмейді.

3.10. Ұйымдастырушы Жүлде қорының құрамын өзгерту, ұлғайту немесе азайту немесе осы Ережеде көзделмеген қосымша Жүлделерді Акцияға қосу құқығын өзіне қалдырады. Егер осындай өзгерістер орын алса, Ұйымдастырушы олар туралы осы Ережелердің 9-бөлімінде көзделген тәртіппен хабарлайды.

#### 4. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

4.1. Акцияға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар, сондай-ақ тұруға ықтиярхаты бар, Visa төлем карталарының ұстаушылары (Қазақстан Республикасының кез келген екінші деңгейдегі банктерімен айналысқа шығарылған), осы Ережелердің барлық талаптарын тиісті түрде орындаған Қазақстан Республикасының бейрезиденттері қатыса алады.

4.2. Акцияға келесілер қатыса алмайды және қатыспайды: Акция Ұйымдастырушысымен немесе Серіктестерімен кез келген белгілер бойынша және кез келген нысанда үлестес тұлғалар, соның ішінде қызметкерлер, олардың жақын туыстары (күйеуі/әйелі, ата-анасы (ата-ана), қызы, ұлы, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары мен апайлары, әжелері, аталары, немерелері), ҚР бейрезиденттері, осы Ережелердің 4.1-т. көрсетілмеген өзге де тұлғалар.

#### 4.3. Акцияға қатысу үшін:

- Visa картасының ұстаушысы болу (Қазақстан Республикасының кез келген екінші деңгейдегі банктерімен айналысқа шығарылған);
- Акцияны өткізу кезеңінде Visa картасын пайдаланып, 19 шілде 2021 жыл 00 сағат 00 минуттан бастап 29 тамыз 2021 жыл 23 сағат 59 минутқа дейін Magnum сауда желісінің POS терминалдарында немесе tickets.kz сайтында (әрі қарай мәтін бойынша – «Транзакция») 5 000 (бес мың) теңге және одан астам сомаға кемінде 1 (бір) зат сатып алу. Транзакциялар саны шектелмеген. Акция кезінде Акция Қатысушысы неғұрлым көп Транзакция жасаса, Жұлделерді алу мүмкіндігі соғұрлым артады;
- Magnum сауда желісінің POS терминалдарында транзакция жасап, Magnum club картасының және/немесе виртуалды картасының ұстаушысы болып табылу;
- ҚР заңнамасының нормаларын және Төлем жүйесін пайдалану ережелерін сақтау;
- Акция Сайтында Акция нәтижелерін қадағалау.

#### 4.4. Акцияға қатысу үшін келесі жасалған Транзакциялар негіз болып табылмайды:

- Акцияны өткізу мерзіміне дейін және кейін;
- Акция мерзімінде сатып алынған тауар/қызметтерді қайтару бойынша төлемдер;
- Magnum желісінде онлайн жасалған транзакциялар.
- Magnum желісінде Kaspi QR арқылы жасалған транзакциялар.

### 5. АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ, ҰТЫС КҮНДЕРІ ЖӘНЕ ЖЕҢІМАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Акцияны өткізу мерзімі: 2021 жылғы 19 шілденің 00 сағаты 00 минутынан бастап 2021 жылғы 29 тамыздың 23 сағаты 59 минутына дейін (бұдан әрі – «Акция мерзімі»).

5.2. Жеңімпаздарды анықтау Ұйымдастырушымен Акция Қатысушылары арасынан осы баптың 5.3-т. аталған ұтыстарды өткізу күндерінде және Ережелерге толық сәйкес кездейсоқ сандарды түрлендіруші көмегімен кездейсоқ таңдау әдісімен орындалады.

#### 5.3. Ұтыстар күні:

5.3.1. Аралық 1 (бірінші) ұтысты өткізу күні – 2021 жылғы 28 шілде.

Аралық жұлделердің 1 (бірінші) ұтысында 2021 жылғы 19 шілденің 00 сағаты 00 минутынан бастап 2021 жылғы 25 шілденің 23 сағаты 59 минутына дейін Magnum желісінің POS терминалдарында немесе tickets.kz сайтында 5 000 (бес мың) теңге және одан жоғарғы сомаға жасалған Транзакциялар қатысады.

Аралық 1 (бірінші) ұтыстың жұлде қоры келесіден тұрады:

| Жұлденің атауы  | Жұлделер саны | Серіктестің транзакциялары   | Жеңімпаздар саны                                       |
|---|---------------|--|--|
| Visa ұсынған брендтелген жұлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 60 |
| Visa ұсынған брендтелген жұлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 30 |
| «Magnum Club» картасына 5 000 бонус   | 4             | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған                                   | Негізгі жеңімпаздар – 4<br>Резервтік                   |

|   |    |  |   |
|---|----|--|---|
|   |    | транзакциялар арасында ойнатылады  | жеңімпаздар – 16                                      |
| «Magnum Club» картасына 3 000 бонус             | 6  | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 6<br>Резервтік жеңімпаздар – 24 |
| Tickets.kz ұсынған 10 000 теңгелік промокодтар  | 12 | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 12<br>Резервтік жеңімпаздар – 8 |
| Tickets.kz ұсынған 100 000 теңгелік промокодтар | 2  | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 2<br>Резервтік жеңімпаздар – 4  |

5.3.2. 2 (екінші) аралық ұтысты өткізу күні – 2021 жылғы 04 тамыз.

Аралық жүлделердің 2 (екінші) ұтысында 2021 жылғы 26 шілденің 00 сағаты 00 минутынан бастап 2021 жылғы 01 тамыздың 23 сағаты 59 минутына дейін Magnum желісінің POS терминалдарында немесе tickets.kz сайтында 5 000 (бес мың) теңге және одан жоғарғы сомаға жасалған Транзакциялар қатысады.

Аралық 2 (екінші) ұтыстың жүлде қоры келесіден тұрады:

| Жүлденің атауы  | Жүлделер саны | Серіктестің транзакциялары   | Жеңімпаздар саны                                       |
|---|---------------|--|--|
| Visa ұсынған брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 60 |
| Visa ұсынған брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 30 |
| «Magnum Club» картасына 5 000 бонус   | 4             | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 4<br>Резервтік жеңімпаздар – 16  |
| «Magnum Club» картасына 3 000 бонус   | 6             | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 6<br>Резервтік жеңімпаздар – 24  |
| Tickets.kz ұсынған 10 000 теңгелік промокодтар                                  | 12            | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 12<br>Резервтік жеңімпаздар – 8  |
| Tickets.kz ұсынған 100 000 теңгелік промокодтар                                 | 2             | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 2<br>Резервтік жеңімпаздар – 4   |

5.3.3. Аралық 3 (үшінші) ұтысты өткізу күні – 2021 жылғы 11 тамыз.

Аралық жүлделердің 3 (үшінші) ұтысында 2021 жылғы 02 тамыздың 00 сағаты 00 минутынан бастап 2021 жылғы 08 тамыздың 23 сағаты 59 минутына дейін Magnum желісінің POS терминалдарында немесе tickets.kz сайтында 5 000 (бес мың) теңге және одан жоғарғы сомаға жасалған транзакциялар қатысады.

Аралық 3 (үшінші) ұтыстың жүлде қоры келесіден тұрады:

| Жүлденің атауы  | Жүлделер саны | Серіктестің транзакциялары   | Жеңімпаздар саны                                       |
|---|---------------|--|--|
| Visa ұсынған брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 60 |
| Visa ұсынған брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 30 |
| «Magnum Club» картасына 5 000 бонус   | 4             | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 4<br>Резервтік жеңімпаздар – 16  |
| «Magnum Club» картасына 3 000 бонус   | 6             | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 6<br>Резервтік жеңімпаздар – 24  |
| Tickets.kz ұсынған 10 000 теңгелік промокодтар                                  | 12            | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 12<br>Резервтік жеңімпаздар – 8  |
| Tickets.kz ұсынған 100 000 теңгелік промокодтар                                 | 2             | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 2<br>Резервтік жеңімпаздар – 4   |

5.3.4. Аралық 4 (төртінші) ұтысты өткізу күні – 2021 жылғы 18 тамыз.

Аралық жүлделердің 4 (төртінші) ұтысында 2021 жылғы 09 тамыздың 00 сағаты 00 минутынан бастап 2021 жылғы 15 тамыздың 23 сағаты 59 минутына дейін Magnum желісінің POS терминалдарында немесе tickets.kz сайтында 5 000 (бес мың) теңге және одан жоғарғы сомаға жасалған транзакциялар қатысады.

Аралық 4 (төртінші) ұтыстың жүлде қоры келесіден тұрады:

| Жүлденің атауы  | Жүлделер саны | Серіктестің транзакциялары   | Жеңімпаздар саны                                       |
|---|---------------|--|--|
| Visa ұсынған брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 60 |
| Visa ұсынған  | 15            | Белгіленген мерзімде   | Негізгі  |

|  |    |  |   |
|--|----|--|---|
| брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) |    | tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады                             | жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 30        |
| «Magnum Club» картасына 5 000 бонус                                | 4  | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 4<br>Резервтік жеңімпаздар – 16 |
| «Magnum Club» картасына 3 000 бонус                                | 6  | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 6<br>Резервтік жеңімпаздар – 24 |
| Tickets.kz ұсынған 10 000 теңгелік промокодтар                     | 12 | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 12<br>Резервтік жеңімпаздар – 8 |
| Tickets.kz ұсынған 100 000 теңгелік промокодтар                    | 2  | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 2<br>Резервтік жеңімпаздар – 4  |

5.3.5. Аралық 5 (бесінші) ұтысты өткізу күні – 2021 жылғы 25 тамыз.

Аралық жүлделердің 5 (бесінші) ұтысында 2021 жылғы 16 тамыздың 00 сағаты 00 минутынан бастап 2021 жылғы 22 тамыздың 23 сағаты 59 минутына дейін Magnum желісінің POS терминалдарында немесе tickets.kz сайтында 5 000 (бес мың) теңге және одан жоғарғы сомаға жасалған транзакциялар қатысады.

Аралық 5 (бесінші) ұтыстың жүлде қоры келесіден тұрады:

| Жүлденің атауы  | Жүлделер саны | Серіктестің транзакциялары   | Жеңімпаздар саны                                       |
|---|---------------|--|--|
| Visa ұсынған брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 60 |
| Visa ұсынған брендтелген жүлделер жинақтары (футболка, кепкі, сүлгі, жаңбырлық) | 15            | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады        | Негізгі жеңімпаздар – 15<br>Резервтік жеңімпаздар – 30 |
| «Magnum Club» картасына 5 000 бонус   | 4             | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 4<br>Резервтік жеңімпаздар – 16  |
| «Magnum Club» картасына 3 000 бонус   | 6             | Белгіленген мерзімде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 6<br>Резервтік жеңімпаздар – 24  |

|   |    |   |   |
|---|----|---|---|
| Tickets.kz ұсынған 10 000 теңгелік промокодтар  | 12 | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 12<br>Резервтік жеңімпаздар – 8 |
| Tickets.kz ұсынған 100 000 теңгелік промокодтар | 2  | Белгіленген мерзімде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 2<br>Резервтік жеңімпаздар – 4  |

- 5.3.6. Бас жүлде мен Супержүлде ұтысын өткізу күні – 2021 жылғы 03 қыркүйек.  
Бас жүлде мен Супержүлде ұтысында 2021 жылғы 19 шілденің 00 сағаты 00 минутынан бастап 2021 жылғы 29 тамыздың 23 сағаты 59 минутына дейін Magnum желісінің POS терминалдарында немесе tickets.kz сайтында 5 000 (бес мың) теңге және одан жоғарғы сомаға жасалған Транзакциялар қатысады.  
Бас жүлде мен Супержүлденің жүлде қоры келесіден тұрады:

| Жүлденің атауы                    | Жүлделер Саны | Серіктестің транзакциялары  | Жеңімпаздар саны                                     |
|-----------------------------------|---------------|---|--|
| Фитнес орталыққа жылдық абонемент | 2             | Акция мерзімінде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады                          | Негізгі жеңімпаздар – 2<br>Резервтік жеңімпаздар – 8 |
| Фитнес орталыққа жылдық абонемент | 1             | Акция мерзімінде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады                                 | Негізгі жеңімпаздар – 1<br>Резервтік жеңімпаздар – 3 |
| Саундбар                          | 1             | Акция мерзімінде Magnum POS терминалдарында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады                          | Негізгі жеңімпаздар – 1<br>Резервтік жеңімпаздар – 6 |
| Саундбар                          | 2             | Акция мерзімінде tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады                                 | Негізгі жеңімпаздар – 2<br>Резервтік жеңімпаздар – 4 |
| Автомобиль                        | 1             | Акция мерзімінде Magnum POS терминалдарында және tickets.kz сайтында жасалған транзакциялар арасында ойнатылады | Негізгі жеңімпаздар – 1<br>Резервтік жеңімпаздар – 5 |

- 5.4. Акцияның негізгі Жеңімпаздарын анықтау кезінде Акцияға қатысқан және осы Ережелердің барлық шарттарын орындаған, Жүлделерді алу үшін жеңімпаздардың резервтік тізімі (бұдан әрі – «Резервтік жеңімпаздар») қалыптасады. Резервтік жеңімпаздар осы баптың 5.3-т. көзделген Жүлделерді алуға құқылы, егер осы баптың 5.2-т. сәйкес Жеңімпаз ретінде анықталған Акция Қатысушысы одан бас тартқанда және/немесе оған табыстау мүмкін болмағанда.
- 5.5. Ұйымдастырушымен жасалған сұратуға осы Ережелердің 6-бабының 6.9-т. белгіленген мерзімде Жеңімпаздан жауап алынбаған жағдайда Жеңімпаз өз мәртебесін жоғалтады, және Жүлдеге деген құқық Резервті жеңімпаз ретінде анықталған және Резервтік жеңімпаздар тізімінде бірінші болып табылатын (немесе Жүлдені тізім бойынша алдыңғы Резервтік жеңімпазбен Жүлде алынбаған жағдайда, тізім бойынша әр келесі Резервтік жеңімпаз) Қатысушыға ауысады. Мұндай

жағдайларда Резервтік жеңімпазды анықтаумен байланысты барлық мәселелерге қатысты Ұйымдастырушының шешімдері ақырғы және Акцияның барлық Қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

- 5.6. Акцияның маңызды өзгерістері, Акция Жеңімпаздары, ұтыс бейнежазбалары және өзге ақпарат келесіге орналастырылады:
  - [www.visa.com.kz](http://www.visa.com.kz) веб-сайтында промо – Токио 2020 бөлімінде ([https://www.visa.com.kz/ru\\_KZ/visa-everywhere/olympic\\_magnum\\_tickets.html](https://www.visa.com.kz/ru_KZ/visa-everywhere/olympic_magnum_tickets.html)) (бұдан әрі – Акция Сайты);
- 5.7. Акция Жеңімпаздары туралы ақпарат Акция Сайтында Жеңімпаздарды осы Ережелердің 5-бабының 5.3-т. сәйкес Жеңімпаздарды анықтаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жарияланады.
- 5.8. Бас жүлделер мен Супержүлде ұтысы нақты уақыт режимінде онлайн түрінде өткізіледі және Акция Сайтында youtube арнасына сілтемемен көрсетілетін болады.
- 5.9. Ұйымдастырушы кез келген уақытта толық немесе ішінара, өз қалауымен, осы туралы Акция Қатысушыларын және барлық мүдделі тұлғаларға осы Ережелерде анықталған әдіспен, ҚР қолданыстағы заңнамаға сәйкес Акцияны өткізу ережесін, Жүлде қорын толықтыруға және/немесе мерзімін өзгертуге, сонымен қатар Акция өткізуді тоқтатуға, уақытша тоқтатуға, өткізуден бас тартуға деген құқықты өзіне қалдырады.
- 5.10. Акцияның барлық нәтижелері, сонымен қатар Акция Ұйымдастырушының шешімдері ақырғы болып табылады және оған шағым жасауға болмайды.

## **6. ЖҮЛДЕЛЕРДІ АЛУ ТӘРТІБІ**

- 6.1. Ұйымдастырушы осы Ережелердің 5-бабының 5.3-т. сәйкес Жемпазды анықтаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде Жеңімпазға ұтыс туралы байланыс телефондарына қоңырау шалу жолымен ұтыс туралы хабарлайды.
  - 6.1.1. Жеңімпазбен байланысу әрекеттерінің саны Ұйымдастырушымен осы баптың 6.1-т. аталған мерзімде 9 сағат 00 минуттан бастап 18 сағат 00 минутқа дейінгі аралықта жасалатын 5 (бес) қоңыраудан аспайды. Егер Ұйымдастырушы 5 (бес) рет қоңырау шалып, Жеңімпаздан жауап алмаса немесе ол Акция Жүлдесін алудан бас тартса, Ұйымдастырушы бірінші Резервтік жеңімпазға хабарлайды, ал бірінші Резервтік жеңімпазбен байланысу мүмкіндігі болмағанда, келесі Резервтік жеңімпазға хабарлайды;
  - 6.1.2. Ұйымдастырушы және Серіктестер Акция Қатысушылары (виртуалды/физикалық) Magnum club картасын алғанда және/немесе tickets.kz транзакциялар жасаған кезде көрсеткен байланыс телефондары және/немесе электрондық адресстердің өзектілігі үшін жауапкершілік артпайды.
- 6.2. Tickets.kz 100 000 теңге, Бас жүлделер және Супержүлдеге Промокодтарды алуға құқылы Жеңімпаздар Ұйымдастырушыдан сұрау салу алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде ұйымдастырушының электрондық адресіне ([olympicpromo@roi.kz](mailto:olympicpromo@roi.kz)) осы Ережелердің 7-бабы 7.2-т. 7.2.2-т. аталған құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.
- 6.3. Ұйымдастырушы аралық Жүлделерді Жеңімпаздарға келесі тәртіпте ұсынады:
  - 6.3.1. Visa ұсынған брендтелген жүлделер жиынтығы (футболка, кепка, сүлгі, жаңбырлық) – Жеңімпаздың пошта мекенжайына осы Ережелердің 5-бабы 5.3-т. сәйкес Жеңімпаздарды анықтаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде жіберу жолымен;
  - 6.3.2. «Magnum Club» картасына бонустар – осы Ережелердің 5-бабы 5.3-т. сәйкес Жеңімпаздарды анықтаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде сәйкес Жемпаздың «Magnum Club» картасына баллдарды автоматты аудару жолымен;



- 6.3.3. Tickets.kz 10 000 теңгелік промокодтар – осы Ережелердің 5-бабы 5.3-т. сәйкес Жеңімпаздарды анықтаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жеңімпаздың электрондық адресіне жөнелту арқылы;
- 6.3.4. Tickets.kz 100 000 теңгелік промокодтар – осы Ережелердің 7-бабы 7.2-т. 7.2.2-т. көрсетілген құжаттар мен ақпаратты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде жеңімпаздың электрондық адресіне жөнелту арқылы.
- 6.4. Ұйымдастырушы Бас жүлделер мен Супержүлдені келесі тәртіпте ұсынады:
- 6.4.1. Фитнес орталығына жылдық абонемент – осы Ережелердің 7-бабы 7.2-т. 7.2.2-т. көрсетілген құжаттар мен ақпаратты алған күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күн ішінде Алматы қ., Достық даңғылы, 132-үй, 5-кеңсе мекенжайындағы Ұйымдастырушының кеңсесінде Жеңімпазға табыстау немесе Жеңімпаздың пошта мекенжайына жөнелту арқылы;
- 6.4.2. Саунд бар - осы Ережелердің 7-бабы 7.2-т. 7.2.2-т. көрсетілген құжаттар мен ақпаратты алған күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күн ішінде Алматы қ., Достық даңғылы, 132-үй, 5-кеңсе мекенжайындағы Ұйымдастырушының кеңсесінде Жеңімпазға табыстау немесе Жеңімпаздың пошта мекенжайына жөнелту арқылы;
- 6.4.3. Автомобиль – осы Ережелердің 7-бабы 7.2-т. 7.2.2-т. көрсетілген құжаттар мен ақпаратты алған күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күн ішінде Алматы қ., Сүйінбай көшесі, 151 мекенжайындағы Алматы Тойота Орталығы автомобиль салонында жүлдені табыстау шарасын ұйымдастыру арқылы.
- 6.5. Tickets.kz 100 000 теңгелік промокодтарды, Бас жүлделердің және Супержүлденің жеңімпаздары жеке тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда және қабылдау-тапсыру актісіне, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүлдені табыстау кезінде қажетті өзге құжаттарға қол қойған жағдайда Жүлделерді алады. Ұйымдастырушы сұратқан қандай да бір құжаттар болмаған жағдайда Ұйымдастырушы жүлдені беруден бас тартуға құқылы.
- 6.6. Бас жүлделерді және Супержүлдені беру Ұйымдастырушы өкілі және Акция Жеңімпазы жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қою жолымен орындалады.
- 6.7. Барлық Жемпаздар осы баптың 6.10-т. аталған шығындардан басқа, Акцияға қатысуға байланысты барлық шығындарын, соның ішінде Ұйымдастырушыдан Жүлделерді алуға жұмсалған шығындарды өздігінен және өз есебінен төлейді.
- 6.8. Ұйымдастырушы және Серіктестер Ұйымдастырушы мен Серіктестерден тәуелсіз кез келген себептермен Жеңімпаздың Жүлдені алу мүмкіндігі болмағаны үшін жауапкершілік артпайды.
- 6.9. Егер осы Ережелердің 6-б. 6.2-т. аталған 10 (он) жұмыс күн ішінде Жеңімпаз Ұйымдастырушының сұратуына жауап бермесе, Ұйымдастырушы және Серіктестер Жүлдені Акцияның Резервті жеңімпазына жүлде орындарын тарату ережелеріне сәйкес табыстауға құқықты өздеріне қалдырады.
- 6.10. Ұйымдастырушы Жеңімпазда Жүлдені алуға байланысты туындаған, төлем көзінде ұсталатын жеке табыс салығын төлеу міндеттемесін қабылдайды, осы тармақта аталмаған барлық өзге салықтарды, төлемдер мен шығындарды Жеңімпаз өзі төлейді.
- 6.11. Ұйымдастырушы және Серіктестер Акция Қатысушысы жіберген қателіктердің қандай да бір салдары, соның ішінде соңғының шығындары үшін жауапты емес.
- 6.12. Жүлдені алған сәттен бастап Жеңімпаз оған меншік құқығына ие болады.
- 6.13. Ұйымдастырушы және Серіктестер Жеңімпаз алған Жүлдені әрі қарай пайдаланғаны үшін жауапкершілік артпайды.
- 6.14. Егер Жүлде осы баптың 6.8-т. аталған себептен алынбаса, Жеңімпаз оны қайта талап ете алмайды. Осындай Жүлделерді алмау бойынша шағымдар қаралмайды.

## **7. АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

7.1. Акция Қатысушысының құқықтары:

7.1.1. Ережелермен танысу.

7.1.2. Осы Ережелерге сәйкес анықталған тәртіпте Акцияға қатысу.

7.1.3. Ережелердің өзгергені туралы ақпарат алу.

7.1.4. ұтысқа ие болғанда Жұлдені алу.

7.2.Акция Қатысушысының міндеттері:

7.2.1. Осы Ережелердің шарттарын орындау.

7.2.2. Акцияда жеңген жағдайда ұйымдастырушыға келесі ақпаратты ұсыну: жеке куәлік көшірмесін; елді мекеннің индексі көрсетілген нақты тұрғылықты жерінің мекенжайын. Осы тармақта аталған сұралатын ақпарат Қатысушымен Ұйымдастырушының [olympicpromo@roi.kz](mailto:olympicpromo@roi.kz) электрондық адресіне жіберіледі.

7.2.3. Ұйымдастырушы мен Серіктестерге Қатысушының аты-жөні, жеке деректерін, сұхбатты немесе оның Акцияға қатысуға байланысты басқа материалдарды, оның ішінде Акция қатысушысының суреті мен бейнетүсірілімін қолдану, сонымен қатар Акция туралы жарнамалық ақпаратты тарату кезінде Акция Қатысушысы бар сурет пен бейнежазбаларды шектеусіз мерзімге және аумақ бойынша шектеусіз, және осындай пайдалану үшін қандай да бір сыйақы төлеусіз қолдану құқығын беру.

7.2.4. Акцияға қатыса отырып және Жұлдені қабылдауға келісе отырып, Акция Қатысушысы оның жеке деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде сақтауға, аталған шаралар мақсатында оның Бастаушысымен немесе Ұйымдастырушымен немесе рұқсатсыз қолданудан деректерді қорғау үшін қажетті шараларды қабылдайтын олармен уәкіл етілген өзге тұлғалармен қолдануға келісімін растайды.

7.2.5. Акция Қатысушысы Акцияға қатысуға байланысты өз құқығын үшінші тұлғалардың пайдасына (оның ішінде Жұлдені алу құқығын) табыстауға құқығы жоқ.

7.2.6. Акцияға қатысу фактісі Акция Қатысушысы осы Ережелермен танысқанын және келісетінін растайды. Ережелермен келісу толық және шүбәсіз болып табылады.

## **8. БАСТАМАШЫНЫҢ ЖӘНЕ АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

8.1. Ұйымдастырушы мен Серіктестердің міндеттері:

8.1.1. Акцияны осы Ережелерге сәйкес өткізу;

8.1.2. Акция Жеңімпаздарына Акция Жұлделерін тарату;

8.2. Ұйымдастырушы мен Серіктестердің құқықтары:

8.2.1. Ұйымдастырушы және Серіктестер осы Акция Ережелерімен және ҚР қолданыстағы заңнамасымен көзделген барлық құқықтарға ие болады.

8.2.2. Акция Жеңімпазы деп анықталмаған Акция Қатысушысына Жұлдені беруден бас тарту.

8.2.3. Ұйымдастырушы және Серіктестер осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа кезде және даулы жағдайлар туындағанда, Акция Қатысушыларымен жазбаша келіссөздер жүргізбеу немесе өзге жолмен байланысқа түспеу құқығын өзіне қалдырады.

## **9. АКЦИЯ, ОНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘРТІБІ**

9.1. Акцияны өткізу тәртібі мен шарттары туралы ақпараттандыру Акцияның Сайтында Акция туралы ақпаратты орналастыру жолымен орындалады.

9.2. Ұйымдастырушы және Серіктестер осы Ережелерге бір ақты тәртіппен өзгерістер енгізу құқығын өздеріне қалдырады.

9.3. Акцияны өткізу мерзімін жалғастырған жағдайда немесе Ережелерге басқа өзгерістер енгізілгенде Ұйымдастырушы Акция Сайтында мұндай өзгерістерді уақытылы жариялайды.

## 10. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР

10.1. Жұлдені алуға келісе отырып, және өз деректерін ұсына отырып, Қатысушы Ұйымдастырушымен Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген ережелерге сәйкес жеке деректерді өңдеуге, оның ішінде жүйелендіруге, жинауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), шығарып алуға, қолдануға, таратуға, тұлғасыздандыруға, бұғаттауға, жоюға, Акцияны өткізу мақсатында оны өткізуің бүкіл мерзімінде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде жоюға өз келісімін растайды. Аталған келісім қатысушымен кез келген уақытта Ұйымдастырушының [olympicpromo@roi.kz](mailto:olympicpromo@roi.kz) электрондық поштасына хабарлама жіберу арқылы немесе Ұйымдастырушының «ROI GROUP», Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы 132, 5 кеңсе, тел: +7 727 339 01 30 мекенжайына, электрондық адресі: [olympicpromo@roi.kz](mailto:olympicpromo@roi.kz) тапсыру туралы хабарламамен сәйкес тапсырыс хатын жіберу жолымен қайтара алады

10.2. Акция Қатысушысы өзекті және дұрыс деректерді көрсетуге міндеттенеді. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы өз еркімен ұсынған кез келген ақпаратты Ұйымдастырушы мен Серіктестер, олардың уәкілетті өкілдері осы Ережелерге сәйкес міндеттемелерді орындау мақсатында Акцияға Қатысушының қосымша келісімін алмай және ол үшін оған қандай да бір сыйақы төлемей өңдей алатындығына келісімін растайды.

10.3. Егер Қатысушы ұсынатын ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен дербес деректерге жататын болса, онда мұндай ақпаратты беру және өңдеу осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10.4. Акция Қатысушысы Акцияға қатысу үшін көрсетілген/ұсынылған дербес деректерді Ұйымдастырушы және Серіктестер Акцияны өткізу мақсатында барлық қажетті тәсілдермен өңдейтінін түсінеді және келіседі және осы Ережелерді қабылдау кезінде осындай өңдеуге келісім береді.

10.5. Акцияға қатысу дерегі Қатысушының дербес деректерін Ұйымдастырушы мен Серіктестердің Акцияны өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуіне еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы түрде келісім білдіру болып табылады.

10.6. Осы Ережелердің мақсаттары үшін дербес деректер деп айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат түсініледі.

10.7. Осы Ережелерде дербес деректерді өңдеу деп Акцияны өткізу мақсатында қатысушылардың дербес деректерін жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, беруді (таратуды, ұсынуды, қолжетімді етуді), тұлғасыздандыруды, бұғаттауды, алып тастауды, жоюды қоса алғанда, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе іс-әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі.

10.8. Осы Ережелердің мақсатында дербес деректерді тарату деп дербес деректерді белгісіз тұлғалар тобына ашуға бағытталған іс-әрекеттер түсініледі, атап айтқанда: Ұйымдастырушының және Серіктестердің Интернет-сайтында, сондай-ақ Акцияға қатысушының тегі, аты, e-mail, қала немесе өзге де тұрғылықты жері, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда оның ұтысы (жүлдесі) туралы мәліметтердің өзге де дереккөздерінде ашық жариялау.

10.9. Ұйымдастырушы мен Серіктестерге дербес деректерді өз еркімен ұсына отырып, Қатысушы дербес деректер субъектісінің (субъектілерінің) Заңда көзделген кез келген

тәсілдермен дербес деректерді өңдеуге және Ұйымдастырушының және Серіктестердің Акцияны өткізу мақсаттары үшін осындай деректерді таратуға келісімін растайды.

10.10. Ұйымдастырушы және Серіктестер жеке деректерді рұқсатсыз алудан қорғаудың қажетті шараларына кепіл береді. Акцияға қатысу мақсатында қатысушылар хабарлаған барлық дербес деректер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы Ережелерде көрсетілген кепілдіктер сақтала отырып сақталатын және өңделетін болады.

10.11. Акцияның Ұйымдастырушысы мен Серіктестері келесі ережелерді сақтауға міндеттенеді және Акцияға Қатысушыға дербес деректерді өңдеуге қатысты келесі кепілдіктерді береді:

10.11.1. Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының барлық қолданылатын талаптарын сақтай отырып, оның ішінде Заңда белгіленген қағидаларды, талаптарды, міндеттемелерді сақтай отырып, дербес деректерді өңдеуді қамтамасыз ету;

10.11.2. дербес деректерді тек акция көлемінде және оны өткізу мақсатында, сондай-ақ жарнамалық мақсаттарда өңдеу. Дербес деректер субъектілерін қандай да бір өнімдер мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандыру мақсатында, сондай-ақ кез келген өзге мақсаттарда дербес деректерді өңдеудің өзге де түрлерін пайдалануға және қолдануға Заңда көзделген көлемде және жағдайларда ғана жол беріледі;

10.11.3. егер Акцияны Ұйымдастырушы мен Серіктестері Акцияға Қатысушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындау мақсатында мұны істеу керек болса, Акцияға Қатысушылардың жеке деректерін үшінші тұлғаларға беруге немесе басқаша ашуға;

10.11.4. Акцияға Қатысушылардың дербес деректерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қорғау және қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

10.12. Қатысушының дербес деректерін Акцияға Қатысушы ұсынған дербес деректерді, дербес деректерді өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алуы автоматты түрде тиісті Қатысушының Акцияға қатысудан шығуына әкеп соғады және Жүлдені алуға мүмкіндік бермейді. Акцияның Ұйымдастырушысы Қатысушыға осындай жүлдені беруден бас тартуға құқылы. Ұйымдастырушыға және Серіктестерге дербес деректері берілген Қатысушыдан дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама алғаннан кейін Акцияның Ұйымдастырушысы оларды өңдеуді тоқтатуға және, егер дербес деректерді сақтау бұдан әрі дербес деректерді өңдеу мақсаттары үшін талап етілмейтін болса, көрсетілген пікір келіп түскен күннен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде Акцияны Ұйымдастырушының тапсырмасы/нұсқауы бойынша әрекет ететін тұлғаның осындай өңдеуді тоқтатуын қамтамасыз етуге, дербес деректерді жоюға немесе оларды жоюды қамтамасыз етуге міндетті (егер дербес деректерді өңдеу Акция Ұйымдастырушының тапсырмасы/нұсқауы бойынша әрекет ететін басқа тұлғамен орындалса).

10.13. Акция Қатысушысы өзі және/немесе кім және қандай мақсатта оның дербес деректерін қолданатыны немесе қолданғаны туралы ақпаратқа қол жеткізуге құқылы.

## **11. БАСҚА ШАРТТАР**

11.1. Акция Қатысушысы осы Ережелерді орындамаған жағдайда жүлделер берілмейді.

11.2. Ұйымдастырушы мен Серіктестер осы Ережеде көзделген тәртіппен Акция туралы қосымша ақпаратты орналастыруға құқылы.

11.3. Егер қандай да бір себеппен осы Акцияның кез келген аспектісі, компьютерлік вирустармен залалдану, Интернет желісі жұмысындағы ақаулар, бұзылу, манипуляциялар, санкцияланбаған араласу, бұрмалау, техникалық ақаулар және Ұйымдастырушы және/немесе Серіктестер бақыламайтын, оның орындалуын, қауіпсіздігін, адалдығын, тұтастығын немесе тиісті түрде өткізілуін бұрмалайтын немесе оған қатысы бар кез келген басқа себеп бойынша

туындаған себептерді қоса алғанда, жоспарланғандай жүргізіле алмаса, Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша акцияның өткізілуін жоюға, тоқтатуға, өзгертуге немесе уақытша тоқтатуға әрекет жасай алады.

11.4. Акцияның барлық нәтижелері, сонымен қатар Акция Ұйымдастырушының және Серіктестердің шешімдері ақырғы болып табылады және оған шағым жасауға болмайды.

11.5. Осы Ережелерде көзделмеген жағдайда ақырғы шешімді Ұйымдастырушы және Серіктестер қабылдайды.

11.6. Акцияға қатысуға, ұтыстарды өткізуге, Жүлделерді таратуға және өзгеге байланысты қандай да бір сұрақтар туындағанда. Акция Қатысушысы Ұйымдастырушыға [olympicpromo@roi.kz](mailto:olympicpromo@roi.kz) электрондық адресіне хат жазып, жүгіне алады. Жауап хат Ұйымдастырушымен Акция Қатысушысынан хат алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жіберіледі.

11.7. Осы Ережелер Акцияның ресми құжаты болып табылады.